



ШЕШІМ

14.12.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 114/15-VIII

№

город Астана

**«2021-2025 жылдарға арналған
Астана қаласын дамыту жоспары
туралы» Астана қаласы мәслихатының
2021 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 129/18-VII шешіміне өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспалау жүйесін бекету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «2021-2025 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту жоспары туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 129/18-VII шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 114/15-VIII шешіміне
қосымша



**Астана қаласын дамытудың
2021-2025 жылдарға арналған
жоспары**

Астана қаласы, 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

1-БӨЛІМ. Жоспардың төлқұжаты

2-БӨЛІМ. Астана қаласын дамытудың көрінісі мен перспективасы

3-БӨЛІМ. Ағымдағы жағдайды талдау

3.1 Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау

3.2 Елорданың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі проблемаларының, тәуекелдерінің, тежеуші факторларының, бәсекелестік артықшылықтары мен мүмкіндіктерінің кешенді сипаттамасы

4- БӨЛІМ. Негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізу жолдары

1-бағыт. Қала халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасы деңгейінің өсуі

1-мақсат. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, тұрақты және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету

2-мақсат. Өркімге қолжетімді болашақтың білім алуын қамтамасыз ету

3-мақсат. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту *(оның ішінде салауатты өмір салтын ұстануды ұлғайту)*

4-мақсат. Халықтың мәдениет саласындағы қызметтерге деген сұранысының деңгейін арттыру үшін жағдай жасау

5-мақсат. Туризмді тұрақты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау

2-бағыт. Өмір сүру үшін қолайлы қала – «адамдар үшін қала»

1-мақсат. Қауіпсіз және қолайлы қалалық ортаны құру *(тұрғын үйдің қолжетімділігі, ТҮКШ жүйесін жаңғырту, көшені жарықтандыру, көлік инфрақұрылымы және т. б.)*

2-мақсат. Қаланың шет жақтарын теңгерімді дамыту

3-мақсат. Қазіргі және болашақ буын үшін таза қала

4-мақсат. Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету

3-бағыт. Заманауи бәсекеге қабілетті қала

1-мақсат. Қала экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және технологиялық инновацияларды дамыту *(оның ішінде қала экономикасына инвестициялар ағынын ынталандыру)*

2-мақсат. Бизнестің экономикалық белсенділігінің өсімі үшін қолайлы орта құру

3-мақсат. АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

5 БӨЛІМ. Қажетті ресурстар

1-БӨЛІМ. ЖОСПАРДЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Атауы	Астана қаласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған жоспары
Аумақтың негізгі мінездемесі	<p>Астана қаласы 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып табылады.</p> <p>Елдің солтүстігінде, Ишим өзенінің жағасында орналасқан. Әкімшілік жағынан қала 5 ауданға бөлінген (Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа, Нұра).</p> <p>Елорда аумағында 797,3 ш.м алаңда 1,4 млн. адам немесе ел халқының жалпы санының 6% (19,9 млн. адам) тұрады. 2017 жылдың маусым айында Миллионер қаласы мәртебесіне жетті</p> <p>Астана - бүкіл Еуразиялық кеңістіктегі қарқынды дамып келе жатқан үлкен қалалардың бірі.</p> <p>Өңірлік тұрғыда елорда үлесі ЖІӨ-нің 10,1% құрайды. Экономика құрылымында сауда саласы басым – 21,7%, құрылыс және өнеркәсіп - тиісінше 9,6% және 5,7% болады.</p>
Бағыттар мен мақсаттар	<p>1-бағыт. Қала халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының өсуі:</p> <p>1-мақсат. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, тұрақты және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету</p> <p>Нысаналы индикаторлар:</p> <p>Халықтың нақты ақшалай табыстарының өсуі, 2019 жылғы деңгейден өсім %;</p> <p>Халықтың ең аз қамтамасыз етілген кірістерінің үлесі 40% ;</p> <p>Үй шаруашылығының азық-түлік тауарларына арналған шығыстары;</p> <p>«Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде оқудан кейінгі жеке ісін ашқан тұлғалардың үлесін ұлғайту;</p> <p>Кәсіпкерлік бастаманы қолдау шеңберінде әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орнын құру;</p> <p>Жәрдемақы бөлінетін жұмыс орындарын ұйымдастырғаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына орналастырылған адамдардың үлесін ұлғайту;</p> <p>Жәрдемақы бөлінетін жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысатын кәсіпорындар құрамындағы жеке сектордың үлесін ұлғайту;</p> <p>Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан кейінгі жұмысқа орналасу деңгейін арттыру;</p> <p>Қазақстан Республикасында қоныс аударған отандастар (қандастар) саны;</p> <p>Электрондық нысанда тіркелген еңбек шарттарының үлесі.</p> <p>2-мақсат. Әркімге қолжетімді болашақтың білім алуын қамтамасыз ету</p> <p>Нысаналы индикаторлар:</p> <p>PISA тестінің нәтижелері бойынша мектептегі білім беру сапасын бағалау (ӘБДҮ есебі):</p> <ul style="list-style-type: none"> - математика пәні бойынша; - оқу бойынша; - жаратылыстану бойынша; <p>Халықтың мектепке дейінгі / орта білім сапасына қанағаттану деңгейі;</p> <p>Балаларды мектепке дейінгі сапалы тәрбиемен және оқытумен қамту:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2 жастан 6 жасқа дейін;

- 3 жастан 6 жасқа дейін;
 Балаларды қосымша біліммен қамту;
 Физика, химия, биология, STEM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі;
 ЖАО ға ведомстволық бағынысты, бейне бақылаумен қамтамасыз етілген күнделікті мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымдардың үлесі;
 - сыртқы;
 - ішкі;
 Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту;
 Жастарды талап етілетін мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен қамту (9-сынып түлектері);
 Орта мектеп бағдарламасында оқушыларды «Экология» курсымен қамту (6-сынып);
 Оқушылардың үздік жасыл практикалар мен технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз ету (қосымша білім беру);
 Жастар арасында E|jastary ақпараттық навигаторын қамтамасыз ету және кеңінен тарату;
 Жастарды әлеуметтік қызметтерімен қамту;
 Волонтерлік қызметке тартылған оқушы жастардың үлесі;
 «Жасыл Ел» жобасы шеңберінде жастарды жазғы кезеңге жұмысқа орналастыру;
 NEET жастарының үлесі;
 Жастарды экологиялық жобалармен қамту.

3-мақсат. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту

Нысаналы индикаторлар:

Туған кездегі болжамды өмір сүру ұзақтығы;
 Нәрестелер өлімі;
 Ана өлімі;
 Халықтың медициналық мекемелер ұсынатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі;
 Медициналық көмек корсетудің әлемдік стандарттарына сәйкес келетін жаңа және жаңғыртылған денсаулық сақтау объектілерінің жыл сайынғы саны;
 ККТМК және МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмектің жалпы көлемінде амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көлемін кеңейту;
 Жүкті әйелдерді жеке және пәнаралық босалуға дейінгі бақылаумен қамтуды ұлғайту;
 1 жасқа дейінгі балаларды белсенді бақылау және скринингтермен қамтуды ұлғайту;
 Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту;
 Тапшы мамандықтар бойынша резидентураның білім беру гранттарының санын ұлғайту (жергілікті бюджет қаражаты есебінен);
 Аккредиттелген зертханалардың/орталықтардың халықаралық стандарттарға (GLP және ISO-17025) сәйкестігіне үлесі;
 Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шығару бойынша жаңа өндірістер саны;
 Балалар арасында семіздікпен сырқаттанушылықты төмендету (0-14

жас);

Салауатты өмір салтын ұстанатын Қазақстан азаматтарының үлесін арттыру;

Аймақ тұрғындарын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесімен тарту;

Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын жалпы халықтың 50% - ына дейін жеткізу;

Халықтың 1 000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі;

Дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдері жоқ мүмкіндігі шектеулі адамдар санынан дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын ерекше қажеттіліктері бар халықтың үлесі.

4-мақсат. Халықтың мәдениет саласындағы қызметтерге сұранысының деңгейін арттыру үшін жағдай жасау.

Нысаналы индикаторлар:

Халықты «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобаларымен қамту (өспелі қорытындымен);

Мектеп жасындағы балаларды мәдени тәрбиімен қамту;

«Оқитын ұлт» жобасы шеңберінде халықтың оқырман белсенділігін арттыру;

Мәдениет объектілерін салу;

Мәдениет объектілерін жөндеу;

Қолдау көрсетілген шығармашылық жобалар саны;

Меценаттар салған және жөндеген объектілер саны.

5-мақсат. Туризмді тұрақты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Нысаналы индикаторлар:

Ішкі туристер санының ұлғаюы;

Келуші туристер санының ұлғаюы;

Нөмірлік қор санының ұлғаюы;

Салаға бөлінетін инвестициялар көлемі өсімінің 6,9 трлн. теңгеге дейін артуы.

2-бағыт. Өмір сүру үшін қолайлы қала – «адамдар үшін қала»

1-мақсат. Қауіпсіз және қолайлы қалалық ортаны құру

Нысаналы индикаторлар:

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы;

Тұрғын үйдің қолжетімділігі;

Үлестік құрылыс объектілерін салуды аяқтау;

Қаланың шетінде тұратын тұрғындарды жолдармен, инженерлік желілермен және әлеуметтік объектілермен қамту;

2 мақсат. ТҮКШ және көлік инфрақұрылымын теңгерімді дамыту

Нысаналы индикаторлар:

Халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

Қалалардағы ағынды суларды тазарту деңгейі;

Үйге ортақ жылу және су аспаптарымен қамтамасыз етілу деңгейі;

Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автожолдардың үлесі;

Қоғамдық көлікті жүріп-тұру үшін пайдаланатын халықтың үлесі;

Бюджеттік секторде және «Жасыл Қазақстан» ҰЖ ТҮКШ-да энергия тұтынуды төмендету;

Халықты газға қол жеткізумен қамтамасыз ету

3-мақсат. Қазіргі және болашақ буын үшін таза қала

Нысаналы индикаторлар:

Халықтың экологиялық өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейі;

Өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша ірі қалалардағы стационарлық көздерден атмосфераға шығатын ластаушы заттар

шығарындыларын азайту;

Бөлек жинақпен қамту:

фракциялар бойынша;

- қалдықтардың жекелеген қауіпті түрлері (медициналық және құрамында сынабы бар, электрондық және тұрмыстық техника);

Қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін:

- ҚТҚ (түзілу көлемінен);

- қауіпті медициналық қалдықтар (жиналған көлемнен);

Өнеркәсіпте жаңадан алынған су алу көлемін 1,3 км³ төмендету;

Экологиялық ақпараттық науқандармен қамтылған азаматтардың саны.

Мақсат 4. Қоғамдық қауіпсіздікті және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету.

Нысаналы индикаторлар:

Жеке, мүліктік және қоғамдық қауіпсіздікті сезіну;

Бейнебақылау камераларының санын арттыру;

Полицияны сандық құралдармен жабдықтау деңгейі;

ТЖ-ға ден қою үшін инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі;

Азаматтық қорғау органдарының авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін бірінші кезектегі

материалдық-техникалық құралдармен жарақтандырылу деңгейі;

Халықты су тасқынынан, еріген және жаңбыр суларынан қорғау деңгейі;

ТЖ қаупі кезінде халықты хабардар ету деңгейі.

3 бағыт. Заманауи бәсексiс қабiлетi гi қала

1-мақсат. Қала экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және технологиялық инновацияларды дамыту

Еңбек өнімділігінің өсуі, 2019 жылғы деңгейден өсім% ;

Негізгі капиталға инвестициялар, 2019 жылғы деңгейге қарағанда нақты өсу % ;

Цифрлық технологияларды пайдаланатын өңдеуші өнеркәсіптегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі;

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі;

Цифрлық стандартқа (үлгілік сәулет, эталондық стандарт) сәйкес келетін әкімдіктердің үлесі;

Инновациялық-белсенді кәсіпорындардың үлесі;

Инновациялық өнім көлемі;

Ehealth ядросымен деректер алмасуды қамтамасыз ететін медициналық ұйымдардың үлесі;

Халыққа қашықтықтан көрсетілген медициналық қызметтердің үлесі;

Ішкі контент үшін (Қазақстан ішінде) кемінде 100 мб/с және сыртқы контент үшін 8 мб/с интернетпен қамтамасыз етілген орта білім беру

ұйымдарының үлесі;

Қала құрылысы кадастрының цифрлық жоспарлы негізін құру үшін құрылыс салынған аумақтардағы түгенделген жер асты және жер үсті коммуникацияларының үлесі.

2 мақсат. Бизнесінің экономикалық белсенділігінің өсімі үшін қолайлы орта құру

Нысаналы индикаторлар:

Жан басына шаққандағы ЖӨӨ;

Экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі;

Бақыланбайтын (көлеңкелі) экономиканың үлесі;

Қаржылық қолдау шараларын алған кәсіпкерлік субъектілерінің саны;

ЖАО жұмысының сапасына қанағаттану деңгейі.

3-мақсат. АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Нысаналы индикаторлар:

Шұжық өнімдерін өндіру;

АӨК өнімдерінің экспортын деңгейге 2 есеге ұлғайту;

Тағам өндірісіне негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі;

АӨК-де іске асырылған инвестициялық жобалардың саны.

АӨК өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі қайта өңделген өнімнің үлесі

**Қажетті
ресурстар**

Қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджеттер, инвесторлардың меншікті қаражаттары, қарыз қаражаттары.

Қаржыландыру көлемі (алдын-ала есептеулер):

2021 жыл – 578,5 млрд. теңге

2022 жыл – 812 млрд. теңге

2023 жыл – 604,6 млрд. теңге

2024 жыл – 552,3 млрд. теңге

2025 жыл – 461,6 млрд. теңге

Қаржыландыру көлемі Жоспарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту мен нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

2-БӨЛІМ. АСТАНА ҚАЛАСЫН ДАМУДЫҢ КӨРІНІСІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Астана қаласын дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиясы аясында елорданы дамытудың келесі перспективалары айқындалды.

Елорда экономикасының негізгі драйвері шағын және орта бизнес болады. «ЭКСПО» көрме кешенінің базасында «Астана» халықаралық қаржы орталығын (бұдан әрі – АХҚО) құру елорданы дамыту үшін маңызды жоба болып табылады, өйткені ерекше құқықтық режим Астана қаласына бүкіл Еуразиялық макроөңір үшін қаржы хабына айналуға мүмкіндік береді.

АХҚО-ны дамыту аралас салаларды дамытуға мультипликативтік әсер етеді, осы секторлардың айналасында қаржы орталығының туристері мен резиденттеріне қызмет көрсететін өнімді қызмет көрсету салалары – заң қызметтері, консалтинг, аудит, транзит және логистика, инжиниринг және дизайн, қонақжайлылық индустриясы – қонақ үйлер, мейрамханалар, дәмханалар пайда болады.

Қазақстандық капитал нарықтарына тікелей шетелдік инвестициялардың құйылуы, жаңа экономикалық тиімді жобаларды іске асыру және еңбек өнімділігінің өсуі есебінен жыл сайын орта есеппен 1% - ға ұлғаятын болады.

Елорданың одан арғы даму перспективаларының көрінісі өсудің жаңа көздерін дамыту және көрсетілетін қызметтердің әртараптандырылған саласының базасында жұмыс орындарын құру арқылы қаланы теңгерімді экономикалық құрылымы бар Еуразияның іскерлік және қаржы орталығы ретінде көрсету болып табылады.

Экономиканың тұрақты дамуының негізі мемлекеттік сектормен байланысты емес кәсіпкерлік болады. Бұл үшін халықаралық қаржы орталығымен қатар медицина, білім беру кластерлерін, ақылды және қазіргі заманғы өндірістерді, креативті секторларды дамыту үшін ерекше аймақтар қалыптастырылатын болады. Экономикадағы мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың рөлі төмендейді.

Салалар құрылымында «Астана – жаңа қала» АЭА № 1 және № 2 индустриялық паркі инфрақұрылымы базасында тағам, химия, фармацевтика өнеркәсібінде, машина жасау мен құрылыс индустриясында жаңа жоғары технологиялық өндірістер ашылатын болады.

Шағын айналма автожол салу, елорданың негізгі көлік артериялары мен көлік инфрақұрылымы объектілерінің өткізу қабілетін кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру көлік-логистика саласын дамытуға елеулі серпін береді.

Өз кезегінде, тиімді жұмыс істейтін көлік-логистикалық жүйесі Астана қаласының қолайлы географиялық жағдайын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, бұл сауданың қазіргі заманғы форматтарын дамытудың қолайлы факторына айналады.

Инвестициялық ахуалды жақсартуға және Астана қаласына инвестициялар тарту тетіктерін жетілдіруге экономиканың басым секторлары ықпал ететін болады, олар сауда және логистика, креативті секторлар, девелопмент, қазіргі заманғы өндіріс, мәдениет және спорт сияқты барынша жоғары нәтиже береді.

Астана қаласын халықаралық ғылыми және мәдени орталық ретінде көрсету туристік ағынды ұлғайтуға және орналастыру, қоғамдық тамақтандыру және ойын-сауық индустриясы объектілерін дамытуға ықпал ететін болады.

3-БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТАЛДАУЫ

3.1 Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау.

Елордада бірнеше жыл бойы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінің тұрақты өсуі байқалады.

Мәселен, 2020-2022 жылдары жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) 33,8%-ға 7 трлн. 975 млрд. теңгеден 10 трлн. 672 млрд.теңгеге дейін өсті. Елорданың республикадағы жалпы ішкі өніміндегі үлесі – 10,3%.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында ЖӨӨ көлемі 4 753,4 млрд.теңгені құрап, 2022 жылдың тиісті кезеңіне қарай 4,1%-ға артты.

Елорда экономикасының негізін жұмыспен қамтылған халықтың 73%-ы шағын және орта бизнес құрайды.

Еңбек өнімділігі

Жұмыспен қамтылған бір адамға еңбек өнімділігі 2020 жылғы 12 467,1 мың теңгеден 2022 жылы 15 277,8 мың теңгеге дейін өсті.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында еңбек өнімділігі 6 183,2 млрд.теңгені құрап, 2022 жылдың тиісті кезеңіне қарай 6,3%-ға артты.

Өнеркәсіпте 2020-2022 жылдары өнеркәсіп өндірісінің көлемі 61,2% - ға ұлғайып, 2022 жылы 1 трлн. 909,7 млрд. теңге құрады. (2020 ж. – 1 184,4 млрд. теңге). Өнеркәсіп өнімінің республикалық көлеміндегі өңірдің үлес сыймасы 4.4% - дан 4% - ға дейін төмендеді.

Өңдеу саласының үлесі 91%, оның ішінде металлургия өнеркәсібі – 54%, машина жасау-15,6%, тамақ өнімдері-4,3% құрайды.

2023 жылдың 9 айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1 431,9 млрд. теңгені құрады, 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,3% - ға, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 2,2% - млрд.теңге) төмендеді.

2020-2022 жылдар аралығындағы кезеңде экономикаға 3,8 трлн. теңгеден астам инвестиция салынды, оның ішінде 3,1 млрд. теңге-жеке инвесторлардың меншікті қаражаты.

Индустриялық-инновациялық дамудың 2019-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 27,8 млрд. теңгеге 17 жоба енгізілді, 1,4 мыңға жуық жұмыс орны құрылды.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде 2022 жылы 1,1 мың жұмыс орнын құрумен 39,7 млрд. теңге сомасына 10 жоба іске қосылды.

Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін әкімдік келесі іс-шараларды өткізеді.

Қалаға инвестициялар тарту жөніндегі өңірлік фронт-офис инвесторларды "бір терезе" қағидаты бойынша, оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер рәсімдерінен өту кезінде толық сүйемелдеуді жүзеге асыратын "AstanaInvest "Инвестицияларды дамыту қалалық орталығы" ЖШС болып табылады.

Бүгінгі таңда "Астананы дамыту орталығы" ЖШС мониторингінде 20,5 мыңға жуық жұмыс орнын құрумен инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 1,1 трлн теңге болатын 162 жоба бар.

2023 жылы 700 жұмыс орнын құрумен 25 млрд. теңге сомасына 8 жоба іске қосылды.

2023 жылдың 10 айында елордаға 1,1 трлн. теңге, инвестициялар тартылды, бұл 2022 жылғы деңгейден 3,1% - ға жоғары.

Сыртқы сауда қызметі 126 мемлекетпен жүзеге асырылады. 2020-2022 жылдары Астана қаласының сыртқы сауда айналымының көлемі 36 499,8 млн.АҚШ долларын құрады, оның ішінде экспорт – 19 982,2 млн. АҚШ долларын, импорт – 16 517,6 млн. АҚШ долларын құрады.

Негізгі экспорттық топтар минералды өнімдер, химия және онымен байланысты өнеркәсіп салалардың өнімдері және өсімдік тектес өнімдер болып табылады.

Негізінен елордаға минералды өнімдер, бағалы емес металдар және олардан жасалған бұйымдар, машиналар мен жабдықтар импортталады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында **шағын және орта бизнес** белсенді дамып келеді, оның ЖОО құрылымындағы үлесі 2020 жылмен салыстырғанда 56,8% - дан 61,7% - ға дейін өсті. ЖӨӨ-дегі орта кәсіпкерліктің үлесі 9,6% деңгейінде.

Қалада 204,3 мың ШОБ субъектісі белсенді жұмыс істейді, үш жыл ішінде олардың саны 41,2%-ға өсті және оларда 489,6 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. 2020-2022 жылдары олар шығарған өнімдер мен көрсетілген қызметтер көлемі 72,2% - ға өсіп, 26,2 трлн. теңгені құрады.

Елордада халықты **қолжетімді тұрғын үймен** қамтамасыз ету және өмір сүру үшін қолайлы орта құру бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде.

2020 - 2022 жылдары 8,6 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде 7,3 млн. шаршы метр - жеке меншік қаражаты есебінен, 440,3 мың шаршы метр – бюджет қаражаты есебінен (*үш жыл ішінде 96 565 пәтер*), алайда тұрғын үй алуға үлкен кезек сақталады. Осылайша, 2020-2022 жылдары тұрғын үй алу кезегі 47 674-тен 47 711-ге дейін өсті.

Көлік инфрақұрылымының сапасы жақсаруда. 2020-2022 жылдары ішінде жолдардың құрылысына, жөндеуге және күтім ұстауға 148,5 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалады.

2020-2022 жылдары жөндеу жұмыстарының барлық түрлерімен 354 км облыстық маңызы бар автомобиль жолдары қамтылды, жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар жолдардың үлссі 88,1% - дан 90,7% - ға дейін ұлғайды.

КТҚ-ға нақты жүктеме тәулігіне 250 мың м³ құрайды. Су тасқышы мен қатты жауын шашын кезінде жүктеме тәулігіне 350 мың м³ жетеді, осыған байланысты көптеген қалалық магистральдарды су басады.

Мәселені шешу үшін Астана қаласының әкімдігі қуаттылығы жылына 70 млн. м³ КТҚ-2 құрылысы бойынша жұмыс жүргізуде.

Бұдан басқа, желілердің тозуы жоғары: электрмен жабдықтау – 29,2%, жылумен жабдықтау – 55,2%, сумен жабдықтау - 41%, су бұру – 40,5%.

Сонымен қатар, елорданы газдандыру бойынша жобасы аясында 10 тұрғын алаптарына газ тарату желілері тартылды: Көктал-1, Көктал-2, Железнодорожный, Промышленный, Агроқалашық, Оңтүстік-Шығыс, Интернациональный, Мичурино, Күйгенжар. Ол үшін 750 шақырымнан астам газ тарату желілері салынды.

Елордада 9,7 мыңнан астам отбасы газға көшті. Тағы 10 мыңнан астам отбасы техникалық жағдайға ие болды.

Білім беру саласында мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің желісі 525 балабақшаға дейін 28,6 %–ға (2020 жылы - 408 балабақша) ұлғайды. Бүгінгі таңда 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту (*66 164 бала*) 81%, 3-6 жастан бастап (*64 465 бала*) 99,5% құрайды.

2023 жылы екі ауысыммен 16 600 орындық 11 мектепті пайдалануға беру жоспарланған, оның ішінде 3 мектеп пайдалануға берілді, қалған 8 мектеп ағымдағы жылдың соңына дейін ашылады.

Сондай-ақ, "Жайлы мектеп" пилоттық ұлттық жобасына сәйкес, 2023-2025 жылдар аралығында екі ауысымда 88 800 орындық 24 мектеп салу жоспарлануда

Денсаулық сақтау саласында. Халыққа медициналық көмекті барлығы 169 медициналық ұйым көрсетеді, оның ішінде 33 әкімдікке ведомстволық бағынысты мемлекеттік, 6 республикалық, 130 жеке.

2023 жылы 12 медициналық ұйымда күрделі жөндеу жүргізілді, 4 күрделі жөндеу объектісі 2024 жылға жоспарланған.

Қазіргі уақытта медициналық ұйымдарды медициналық техникамен жарақтандыру деңгейі 91,42%, ал медициналық ұйымдар ғимараттарының тозу деңгейі 15,5% құрайды.

2020 жылмен салыстырғанда өмір сүру ұзақтығы 73,49-дан 77,3 жасқа дейін өсті.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша поресте өлімі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9% ға азайып, 1000 тірі туылғанға 5,1% (125) құрады (2022ж. -5,6-140 жағдай). Сондай-ақ 2023 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ана өлімінің 4 жағдайы тіркелді, көрсеткіш – 100 мың тірі туылған балаға 16,2% ;

2021 жылы кадр тапшылығы -288 бірлік, 2022 жылы – 202 бірлік, 2023 жылы – 88 бірлік болды.

Халықты жұмыспен қамту. Елордалық еңбек нарығындағы жағдай тұрақты.

Елордада жұмыссыздық деңгейі **4,4%** құрайды, бұл республикалық мәннен 0,3% төмен (ҚР бойынша - 4.7%).

Кәсіпорындарды дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде 2023 жылдың 10 ай қорытындысы бойынша жұмыссыздарды әлеуметтік

қорғау шараларымен - 22 450 адам (2021 жылы- 23 240 адам және 2022 жылы – 27 525 адам) қамтылды.

Ұлттық жобалар мен жеке бастамаларды іске асыру шеңберінде 2023 жылы 41 331 жұмыс орны, оның ішінде 36 875 тұрақты орын құрылды.

Елорда кәсіпорындарында қызметкерлердің орташа айлық ағаулы жалақысы 2023 жылдың 2 тоқсанында 467 121 теңгені құрады, оның ішінде Есіл – 577 549, Нұра – 553 997, Алматы – 418 826 ,Сарыарқа – 390 757 және Байқоңыр – 355 877 теңге аудандары бойынша.

Экология саласы. Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері жылу энергетикасы объектілері (ЖЭО-1, 2), жеке сектор және жылжымалы көздер болып табылады.

Елорданың экологиясын жақсарту мақсатында әкімдік Астана қаласының экологиялық проблемаларын кешенді шешу бойынша Жол картасын іске асыруда, оған сәйкес ЖЭО-1, ЖЭО-2-ге газ құбырларының құрылысы жүргізілуде.

Бүгінгі күні ЖЭО-1 және ЖЭО-2 (ЖЭО-1 -10, ЖЭО-2 - 6) барлық 16 қазандығы газға ауыстырылды. Осылайша, соңғы 3 жылда елорданың атмосфералық ауасына ластаушы заттардың шығарындылары жылына 45,3 мың тоннаға (немесе 24,6%) төмендеді.

Қалдықтарды бөлек жинау екі фракция бойынша жүргізіледі: "дымқыл" фракцияны жинауға арналған 12 992 жасыл және металл контейнерлер (тамақ қалдықтары) және "күрғақ" фракцияны жинауға арналған 5 011 сары контейнерлер (қағаз, пластик, шыпы, металл). Пластмасса жинауға арналған торлы контейнерлердің 84 бірлігі.

2023 жылы 1 423 бірлік контейнер, оның ішінде 300 бірлік мырышталған контейнер және 1 123 бірлік пластикалық контейнер сатып алынды, оларды орнату аудандық әкімдіктермен орнату саны және орны туралы келісім бойынша жүргізіледі.

Елордада барлығы 5 500 контейнерлік алаң бар, олардың аумағынан күн сайын 1 000 тоннадан астам қоқыс (қатты тұрмыстық қалдықтар мен басқа да коммуналдық қалдықтарды қоса алғанда) шығарылады.

2023 жылдың 9 айында Астана қаласының қоқыс өңдеу зауытына 258,8 мың коммуналдық қалдықтар қабылданды, олар 100% сұрыптаудан өтті, оның ішінде 43,9 мың қалдықтар (17%) қайта өңделді.

Сонымен қатар, елордада 1 ботаникалық бақ, жалпы ауданы 431,44 га 12 саябақ, ауданы 52,5 га 8 бульвар, сондай-ақ ауданы 151,135 га 107 гүлзар жұмыс істейді.

Жалпы Астана қаласының экологиялық жағдайы белгіленген өлшемдерге сәйкес келеді, елорданың экологиялық инфрақұрылымы дамуда, халықтың тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасалуда, экологиялық мәдениет жақсаруда.

Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде 2022 жылы тіркелген қылмыстар саны 2020 жылмен салыстырғанда 13,9% - ға төмендеп, 16 572 бірлікті құрады, 10 мың тұрғынға шаққанда қылмыс деңгейі – 123, (2020жс. – 18876, 10 мың тұрғынға шаққанда қылмыс деңгейі-170).

Жол-көлік оқиғаларының саны 2020 жылмен салыстырғанда 16% ға өсіп, 2022 жылы 653 бірлікті құрады (2020 жылы 563).

Төтенше жағдайларға жедел ден қою мақсатында елорда гарнизонының құтқару бөлімшелерінің күшімен 2019-2022 жылдары 15 142 жедел шығу жүзеге асырылды (2020 г.- 4 144, 2021г. – 5 496, 2022 г.-5502). Жедел шығу барысында 2445 адам құтқарылды (2020 г.- 1 454, 2021 г.- 410, 2022г.-581), ГЖ аймағынан 1543 адам эвакуацияланды (2019 жылы – 496, 2020 жылы – 485, 2021 жылы – 562), 198 зардап шегушіне дәрігерге дейінгі көмек көрсетілді (2019 жылы – 127, 2020 жылы - 88, 2021 жылы-63).

2020-2022 жылдары 2208 төтенше оқиғалар тіркелді (2020 г.- 631, 2021г.-731, 2022 г.- 846), оларда 406 адам зардап шекті(2020 г.- 100, 2021г.-46, 2022 г.- 260), оның ішінде 76 адам қаза тапты . (2020г.- 27, 2018г.-21, 2022 г.- 28).

Елорда аумағында 2176 өрт орын алды (2020 г.-627, 2021 г.- 718, 2022 г.- 831), онда 54 адам қаза тапты . (2020 г.-22, 2021 г.-11, 2022 г.-21) және 98 адам жарақат алды (2020 г.- 46,

2021г.-21, 2022г.- 31), өрттің салдарынан материалдық залал 489,1 млн.теңгені құрады (2019 жылы - 2,1, 2020 жылы - 35,5, 2021 жылы - 179,6).

Әрбір екінші жағдайда өрт объектісі тұрғын үй секторы болып табылады (барлық өрттердің 49,1%), бұл соңғы үш жылда 1069 жағдай (2020г.-336, 2021г.-330, 2022 г.- 403).

Жылдан жылға жаз маусымы басталысымен қалада су айдындарындағы жазатайым оқиғалар тіркеледі. 2020-2022 жылдары шомылуға белгіленбеген орындарда (Нұра Есіл арнасы, Шұбары шағын ауданы, Ақбұлақ өзенінің саласы, қарттар үйі мен «Западный» саяжай алабының ауданы) 21 адам қаза тапты. (2020г.-5, 2021г.-10, 2022 г.-6), оның ішінде 10 бала (2021г.-5, 2022 г.-5), осы кезеңде қаланың су айдындарында 23 адам құтқарылды (2020г.-5, 2021г.-12, 2022 г.-6) оның ішінде 3 бала (2020г.-2, 2021г.-1).

3.2 Негізгі проблемалардың кешенді сипаттамасы

Өмір сүру сапасын талдау денсаулық сақтау, білім беру, тұрғын үйге қолжетімділік, коммуналдық инфрақұрылымға қолжетімділік, мәдениет сияқты халық өмірінің түрлі салаларын қамтиды.

- денсаулық сақтау саласында сапа проблемалары денсаулық сақтау инфрақұрылымына жоғары жүктемемен және медициналық кадрлармен қамтамасыз етудің төмен деңгейімен байланысты бүгінгі таңда медициналық жұмыстардың тапшылығы 325-ке жуық адамды құрайды, бұл медициналық сервис деңгейіне теріс әсер етеді, сондай-ақ аурулардың алдын алуға жүйелі тәсілдің болмауымен байланысты;

- тұрғын үй кезегінің ұлғаюы, кезекте 47 711 адам тұр;

- желілердің жоғары тозуы: электрмен жабдықтау – 29,2%, жылумен жабдықтау-55,2%, сумен жабдықтау-41%, су бұру – 40,5%;

- КТҚ-ға нақты жүктеме тәулігіне 250 мың м³ құрайды. Су тасқыны мен қатты жауын-шашын кезінде жүктеме тәулігіне 350 мың м³ жетеді, осыған байланысты көптеген қалалық магистральдарды су басады.

- білім беру саласындағы проблемалар-оқушы орындарының (26 454) және мектепке дейінгі мекемелердегі орындардың тапшылығы (24946), сондай-ақ мектептердегі тығыздық;

- қысқы уақытта атмосфералық ауаның жылу энергетикасы, автономды жылумен жабдықтау көздерінен және жеке меншік сектордан ластануы;

- автомобиль көлігінен атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының ұлғаюы;

- қала аумағын жеткіліксіз көгалдандыру және қаланың экологиялық инфрақұрылымы жүйесін дамыту;

- бала кезінен бастап халықтың білімін, ойлауын, мінез-құлық мәдениетін экологияландырудың жеткіліксіздігі;

- Нұра-Есіл каналында, Қарасу өзенінде, Майбалық, Үлмес, Бозықты көлдерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерінің және су қорғау белгілерінің болмауы;

- ҚТҚ-ны бөлек жинау мен өңдеудің төмен деңгейі;

- Астана қаласының аумағындағы Есіл өзені мен оның салаларының су бетін абаттандыру және тазарту,

- Есіл өзені мен оның салаларының түбін, сондай-ақ Астана қаласының аумағындағы басқа да су объектілерін тазарту;

- Есіл өзені арналарының, Ақбұлақ және Сарыбұлақ бұлақтарының өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі;

- автомобильдер санының жыл сайын 10% - ға артуы, бұл елорданың көлік жүйесіне теріс әсер етеді;

- елордада Есіл өзені, іргелес аумақ және жақын орналасқан елді мекендердің су басуы және су басу қаупі сақталады, комиссиялық тексеру нәтижелері бойынша қала аумағында 25 су тасқыны қаупі бар учаске анықталды (Алматы-7, Байқоңыр-5, Есіл-9, Сарыарқа-4).

-бүгінгі күнге дейін елордада 70-80 жылдардағы физикалық және моральдық тұрғыдан ескірген, жылумен, сумен жабдықтау және кәріздің орталық желілеріне қосылмаған, кірме жолдарда қатты асфальт жабынсыз (көктемгі-қысқы кезеңде ауа райы қолайсыз болған кезде шығу жеделдігіне әсер ететін) бейімделген ғимараттарда орналастырылған өрт деполары сақталған.

Мүмкіндіктер:

- *Қаржылық қызметтер кластерін дамыту.* «Астана» халықаралық қаржы орталығының ашылуы қаланың қаржы секторын құру және дамыту мүмкіндігін білдіреді. Орталықты тізбекті реакциямен дамыту қалада ұсынылатын қаржы және бизнес қызметтерінің сапасын арттыруға, қаржы технологияларын әзірлеуге ықпал етеді, жүргізілетін корпоративтік операциялардың деңгейін арттырады және білім мен технологиялар трансфертін жақсартады, осылайша адам капиталының ұлғаюын қамтамасыз етеді.

- *Білім экономикасы секторларын және креативті секторларды дамыту.* Жаһандық қалалар білімге, құзыреттілікке және инновацияларға баға беретін креативті экономиканың шоғырлануы болып табылады. Астана креативті экономика мен инновациялық өндірістердің орталығы болуға барлық мүмкіндіктерге ие. Қалада инновациялық компаниялардың саны артып, креативті экономика кластері қалыптасуда. Жаңа университеттер мен білім беру орталықтарының «қону» процесі жүріп жатыр. Тиімділікке қол жеткізу мақсатында АЭА қатысушылары үшін салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Айта кету керек, «Жасыл» экономика маңызының өсуі инновацияның өсуі мен баламалы энергия көздерін дамытуда өз рөлін атқара алады.

- *Цифрландыру есебінен тиімділікті арттыру.* Цифрландырудағы әлемдік тренд тиімділікті арттырудың көзіне айналуы мүмкін. Елордада қаланың тыныс-тіршілік салаларында көптеген бағыттар бар, мұнда ішкі процестер цифрлік шешімдердің арқасында оңтайландырылуы мүмкін. «Smart city» тұжырымдамасын іске асыру, көлік, білім беру, денсаулық сақтау және мемлекеттік қызметтер салаларында цифрлік шешімдерді ендіру осы бағытта даму бойынша алғашқы қадамдар болып табылады. Ішкі процестерді оңтайландыру және цифрлік шешімдерді енгізу үшін қажетті жағдайлар жасау қажет.

- *Азаматтық қоғамдастықтардың ықпалының өсуімен жұртшылықпен тиімді диалог.* Азаматтық қоғамдастықтардың ықпалының өсуіне жаһандық тренд Қазақстанда да байқалады. Мемлекеттік органдар өкілдерімен белсенді диалог жүргізуге ниет білдірген азаматтық белсенділердің өсуі байқалады. Жұртшылықпен диалог дамудың негізгі мәселелерін анықтаудың тиімділігін арттыруы, мүмкін шешімдердің тізімін арттыруы және оны дамыту мақсатында жергілікті басқару органдары мен қала тұрғындарының жұмысын үйлестіруі мүмкін.

4-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ
1-бағыт. Қала халқының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасының өсуі
1-мақсат. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, тұрақты және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету

р/с №	Нысаналы индикаторлар	Жауапты орындаушылар	Ақпарат көзі/есеп беру мерзімі	Өлшем бірлігі	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
					нақты	нақты	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Макрониндикаторлар											
1	Халықтың нақты ақшалай табыстарының өсуі, 2019 жылғы деңгейден 2019 жыл бағасында өсім %- бен	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘҚБ	Стат. мәліметтер	%	0	-3,2	-2,3	2,4	7,6	12,8	18,4
2	Халықтың ең аз қамтылған 40 %- ының табысының үлесі, халықтың жалпы табысындағы %	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘҚБ	Стат. мәліметтер	%	25,21	25,82	27,48	28,53	29,58	30,63	31,67
3	Үй қожалықтарының азық-түлік тауарларына шығыстары, жалпы шығыстардан %	Қала әкімінің орынбасары, ИҚДБ	Стат. мәліметтер	%	42,7	47,1	44,7	42	39,2	36,5	33,7
4	Жұмыссыздық деңгейі, %	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘҚБ	Стат. мәліметтер	%	4,4	4,6	4,7	4,7	4,8	4,8	<4,6
Қаржылық шығыстармен өзара байланысты нысаналы индикаторлар											
5	«Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде оқытудан кейінгі өз ісін ашқан адамдардың үлесінің ұлғаюы	«Атамекен» РҚГ, ЖӘҚБ, ИҚДБ	Ведомств. мәліметтер	%	-	-	35	40	45	50	60
6	Кәсіпкерлік бастаманы қолдау шеңберінде әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орнын құру	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘҚБ, ИҚДБ	Ведомств. мәліметтер	саны	-	-	-	7 465	7 732	8 008	8 294

7	Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырғаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына орналастырылған адамдардың үлесінің ұлғаюы	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘКБ	Ведомств. мәліметтер	%	-	-	50	55	60	65	70
8	Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысатын кәсіпорындар құрамындағы жеке сектордың үлесінің ұлғаюы	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘКБ	Ведомств. мәліметтер	%	-	-	54	58	62	66	70
9	Қысқа мерзімді кәсіптік оқудан кейін жұмысқа орналасу деңгейін арттыру	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘКБ	Ведомств. мәліметтер	%	-	-	55	60	65	75	80
10	Қазақстан Республикасына қоныс аударған қоныс аударушылардың (қандастардың) саны	Қала әкімінің орынбасары, ЖӘКБ	Ведомств. мәліметтер	адам	-	-	795	750	858	966	1 074
11	Электрондық нысанда тіркелген еңбек шарттарының үлесі	Қала әкімінің орынбасары, КОСЖББ	Ведомств. мәліметтер	%	-	-	70	85	100	-	-

Қол жеткізу жолдары:

Нақты жұмыссыздық деңгейін төмендету:

- Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асыру;

«AMANAT» партиясының 2030 жылға дейінгі «Бақуатты қоғам: онжылдықтың 10 мақсаты» бағдарламасын іске асыру.

2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту;

Жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқу ұйымдарында 300 адамды оқыту, жұмыс берушіде жұмыс орынында 64 адамды оқыту және eпбек.kz платформасында сұранысқа ие дағдыларға 304 адам қамтып, онлайн оқытуды енгізу.

29 жасқа дейінгі жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту (тұрақты, уақытша жұмыс орындарына орналастыру, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, гранттар беру);

	2-6 жастан бастап	ББ					80,7	80,9	81	87,7	95
	3-6 жастан бастап						99,1	99,2	99,5	99,7	99,7
	Балаларды қосымша біліммен қамту %	Қала әкімінің орынбасары, ББ					68,1	71,1	73,7	79	80,4
15	Физика, химия, биология, STEM пәндік кабинеттерімен қамтамасыз етілген негізгі және орта мектептердің үлесі	Қала әкімінің орынбасары, ББ					67	70,3	94,7	98	100
16	Бейнебақылаумен қамтамасыз етілген күндізгі ЖАО-ға бағынысты мемлекеттік жалпы білім беретін орта білім беру ұйымдарының үлесі	Қала әкімінің орынбасары, ББ, ЦЖМҚБ									
	Сыртқы						92,9	97,1	98,1	99,1	100
	Ішкі						92,9	97,1	100	-	-
18	Даму мүмкіндіктері шектелу, балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту	Қала әкімінің орынбасары, ББ					50,0	73,8	72,3	85,1	100
19	Жастарды талап етілетін мамандықтар бойынша колледждерде тегін оқытумен қамту (9-сынып түлектері)	Қала әкімінің орынбасары, ББ					52,4	65,1	88,9	97,1	100
20	«Жасыл Қазақстан» ҰЖ орта мектебінің (6-сынып) бағдарламасында оқушыларды «Экология» курсымен қамту	Қала әкімінің орынбасары, ББ					10	20	30	40	50
21	"Жасыл Қазақстан" ҰЖ үздік жасыл практикалар мен технологияларға (қосымша білім беру) оқушылардың қол жеткізуіне қамтамасыз ету	Қала әкімінің орынбасары, ББ					-	10	20	30	50
22	Жастар арасында Eijastay ақпарат навигаторын қамтамасыз ету және кеңінен тарату	Қала әкімінің орынбасары, ЖСБ					41 809	62 032	93 047	111 657	124 063
23	Жастардың әлеуметтік қызметтерімен қамту	Қала әкімінің орынбасары, ЖСБ					35 836	43 422	49 625	55 828	62 032

24	Волонтерлік қызметке қатысқан оқушы жастар үшін	Қала әкімінің орынбасары, ЖСБ	Ведомств. мәліметтер	адам	-	-	74 095	89 946	36 149	108 555	120 961
25	"Жасыл Ел" жобасы шеңберінде жастарды жазғы кезеңге жұмысқа орналастыру	Қала әкімінің орынбасары, ЖСБ	Ведомств. мәліметтер	адам	-	-	1 200	1 956	1 956	1 956	1 956
26	NEET жастар үлесі	Қала әкімінің орынбасары, ЖСБ	Ведомств. мәліметтер	%	6,8	7	7	9,5	10,3	9	9
27	Жастарды экологиялық жобалармен қамту	Қала әкімінің орынбасары, ЖСБ, ҚОҚТБ	Ведомств. мәліметтер	адам	-	-	7 933	6 823	7 444	8 064	10 545

Қол жеткізу жолдары:

«AMANAT» партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының жол картасы аясында үш ауысымды мектептер мен ауылдар танылығы мәселелерін шешу үшін 2025 жылға дейін 171 847 орындық 67 мектеп салынады:

- бюджеттік инвестициялық жобалар шеңберінде 55 200 орындық 22 мектеп;
- мемлекеттік – жекеменшік әріптестік (бұдан әрі-МЖӘ) шеңберінде 87 000 орындық 22 мектеп;
- жеке инвестициялар есебінен 29 647 орындық 23 мектеп.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2023-2025 жылдар аралығында екі ауысымда 88 800 орындық 24 мектеп салу жоспарлануда.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамту үшін келесі іс-шаралар жоспарланған:

- тұрғын үй кешенінің 1 қабатында орналасқан 140 орындық «№ 50 «Жұлдыз» Бөбекжайы» МКҚК жанындағы екінші қорлуы пайдалануға беру;

- көру қабілеті бұзылған балаларға арналған 90 орындық балабақшаны пайдалануға беру;

- 1500 орындық тұрғын үйлердің бірінші қабатында қосымша топтар ашу;

- жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда 4500 орындық мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру;

Балаларды қосымша біліммен барынша қамту үшін 2021 жылдан бастап алғаш рет 5000 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын болады.

2029 жылға дейін 50 мемлекеттік балабақша салу жоспарлануда.

- бірінші кезең аясында 2025 жылғы 10 балабақшаны енгізу жоспарлануда, оның ішінде бюджет есебінен 5 балабақша, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік есебінен 5 балабақша.

Сонымен қатар, 2029 жылға дейін 15 заманауи Оқушылар сарайын салу жоспарлануда. 2023 жылы 5 нысанды жобалау басталды.

Сондай-ақ жоспарланған:

-500-ден астам баланы қамтитын 300 орындық «JAS Таған» әскери-патриоттық орталығының ашылуы;

- 2500-ден астам баланы қамтитын қосымша білім беру ұйымдарының 5 филиалы (тұрғын үйлердің бірінші қабатында);

- Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының «Dance» би орталығы 500-ден астам баланы қамти отырып, тұрғын үйлердің бірінші қабағтарында;
- 2 Community Орталық (23, 92), 3000-нан астам баланы қамтиды;
- 1 мыңнан астам баланы қамти отырып, Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында «Таным» креативті технологиялар орталығының ашылуы;
- 5 мыңнан астам баланы қамтитын «Сапа» креативті білім беру орталығының ашылуы;
- "Астана қаласының 4 ауданы бойынша жастарға қызмет көрсету орталықтары", "Үздік" жобаларын іске асыру;
- "Еріктілер мектебі" золонтерлерді даярлау жөніндегі жобаны іске асыру, студент жастар арасында "Taza-Alem" экологиялық жобасын, сондай-ақ "Freelance pushkindik" жобасын өткізу;
- орта мектептің б-сынып бағдарламасына «Экология» тандауы бойынша жаңа курсты енгізу;
- * "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) № 29031), б-сыныпты "Экология" курсы "Экологиялық мәдениет" курсына ауыстырылды.
- экологиялық білім беру орталықтарының желісін құру (экостанциялар, үйірмелер және т. б.);
- жыл сайынғы "Әкс-білім берудің үздік ұйымы" ұлттық конкурсын өткізу.

3-мақсат. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту

Р/с№	Нысаналы индикаторлар	Жауапты орындаушылар	Ақпарат көзі/есеп беру мерзімі	Өлшем бірлігі	2019 жыл факт	2020 жыл факт	2021 жыл жоспар	2022 жыл жоспар	2023 жыл жоспар	2024 жыл жоспар	2025 жыл жоспар
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Макроиндикаторлар											
28	Туған кездегі болжамды өмір сүру ұзақтығы	Қала әкімінің орынбасары, ҚДБ	Стат. мәліметтер	жас	76,75	73,49	76,9	77,3	77,8	78,2	78,7
